

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАР  
МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК  
БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КӘСІБИ-ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛАҒЫ»  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру  
бағдарламасы

**«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс  
істейтін педагогтерге әдістемелік қолдау»**

арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы білім беру ұйымдарының  
қызметін әдістемелік, аналитикалық және ұйымдастырушылық қолдауды  
жүзеге асыратын білім беру басқармаларының (бөлімдерінің) және  
әдістемелік орталықтардың әдіскерлеріне арналған

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....
2. Глоссарий.....
3. Бағдарламаның тақырыбы.....
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері .....
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....
6. Оқу процесін ұйымдастыру .....
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету .....
8. Бағдарлама нәтижелерін бағалау .....
9. Курстан кейінгі сүйемелдеу .....
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі .....

**Негіздеме:** педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы).

**Ұзақтығы:** 80 академиялық сағат.

**Оқыту нысандары:** күндізгі және аралас (күндізгі-қашықтықтан).

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерді әдістемелік қолдау» педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы білім беру ұйымдарының қызметін әдістемелік, аналитикалық және ұйымдастырушылық сүйемелдеуді жүзеге асыратын білім беру басқармалары (бөлімдері) әдіскерлерінің біліктілігін арттыру курстарының мазмұнын регламенттейді.

2. Бағдарламаны іске асырудың өзектілігі мен қажеттілігі Қазақстан Республикасындағы инклюзивті және арнайы білім беру жүйесінің дамуымен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБК) білім алушылар контингентінің кеңеюімен, сондай-ақ осы санаттағы балалармен жұмыс істейтін педагогтерді әдістемелік қолдау сапасына қойылатын талаптардың артуымен негізделеді.

Инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жағдайында нормативтік талаптардың енгізілуін, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуді, білім беру ұйымдарының қызметін үйлестіруді және ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБК) бар балаларға арналған білім беру қызметтерінің сапасына мониторинг жүргізуді қамтамасыз ететін негізгі буын ретінде білім басқармалары әдіскерлерінің рөлі арта түсуде.

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенциясын және Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы Конвенцияны ратификациялай отырып, білім берудің қолжетімділігі, кемсітушілікке жол бермеу және ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБК) бар білім алушыларға жеке қолдау көрсету принциптерін дәйекті түрде іске асырып келеді. Осы принциптерді жүзеге асыру әдіскерлерден арнайы, интеграцияланған және инклюзивті білім беру жағдайында педагогтерді әдістемелік қолдауды ұйымдастырудың заманауи тәсілдерін меңгеруді талап етеді.

Әдістемелік қызметтерге Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, сондай-ақ білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларына сәйкес білім беру бағдарламаларының бейімделуін қамтамасыз ету, оқытудың арнайы жағдайларын жасау, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру және педагогикалық кадрлардың кәсіби құзыреттілігін арттыру функциялары жүктеледі.

Білім басқармалары әдіскерлерінің қызмет тәжірибесін талдау инклюзивті білім беру мәселелері бойынша білімді жүйелеуге, педагогтерді әдістемелік қолдаудың заманауи әдістерін меңгеруге, ХҚЖ (МКФ) енгізуге, сондай-ақ аналитикалық және консультациялық құзыреттіліктерді дамытуға деген қажеттілікті анықтады.

3. Бағдарлама білім басқармалары әдіскерлерінің ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерді әдістемелік қолдауды жоспарлау, ұйымдастыру және іске асыру саласындағы кәсіби құзыреттілігін дамытуға, сондай-ақ инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы басқарушылық және әдістемелік шешімдердің тиімділігін арттыруға бағытталған.

## 2. Глоссарий

4. Бөлімде бағдарламада пайдаланылатын негізгі ұғымдар анықталған, соның ішінде:

Ұғым	Ұғымның анықтамасы
Инклюзивті білім беру (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.
Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	тиісті деңгейдегі білім және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар адамдар (балалар)
Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) (Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медико-педагогикалық коррекциялық қолдау туралы» Заңы)	туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған аурулардың немесе белгіленген тәртіппен расталған жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	білім алу үшін қажетті арнайы шарттарды анықтау
Білім алу үшін арнайы жағдайлар (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	оқу бағдарламаларын, сондай-ақ арнайы, жеке-дамытушылық және түзету-дамытушылық бағдарламалар мен оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тіршілік ету ортасын,

	психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын, оларсыз ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын жағдайлар
Әдістемелік сүйемелдеу	кеңес беруді, оқытуды, үйлестіруді, мониторингті және әдістемелік көмекті қамтитын, педагогтердің кәсіби қызметін қолдауға бағытталған мақсатты шаралар жүйесі.
Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу (ҚР «Білім туралы» Заңы)	ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын, білім беру ұйымдарында іске асырылатын жүйелі ұйымдастырылған қызмет
Педагогикалық диагностика	оқу процесін оңтайландыру, білім беруде саралап оқыту тәсілін қолдану, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен педагогикалық ықпал ету әдістерін жетілдіру міндеттерін шешуге бағытталған бақылау мен бағалау тәсілдерінің жиынтығы
Жалпы білім беретін мектеп (ҚР «Білім туралы» Заңы)	білім алушылар мен тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, арнаулы оқу мен жеке дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы
Оқу бағдарламасы (ҚР «Білім туралы» Заңы)	әрбір оқу пәні, әрбір оқу дисциплинасы және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиісті білім, білік, дағды мен құзыреттіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама
Оқу бағдарламасын бейімдеу (бастауыш, негізгі орта білім берудің МЖБС)	Мемлекеттік стандартпен белгіленген көлемге және сыныптағы оқу қарқынына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнын меңгеруде қиындықтары бар балалар үшін Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер енгізу

Оқыту (ҚР «Білім туралы» Заңы)	білім, білік, дағды мен құзыреттілікті меңгеру, қабілеттерін дамыту, күнделікті өмірде білімді қолдану тәжірибесін жинақтау және өмір бойы білім алу уәждемесін қалыптастыру бойынша іс-әрекетті ұйымдастырудың мақсатты процесі
Білім беру басқармасының әдіскері	білім беру ұйымдарындағы ұйымдастырушылық-әдістемелік, аналитикалық және консультациялық сүйемелдеуді жүзеге асыратын педагог қызметкер
Пәнаралық тәсіл	Пәнаралық тәсіл – ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар білім алушыларды кешенді бағалау және сүйемелдеу мақсатында әртүрлі бейіндегі мамандардың өзара іс-қимылына негізделген тәсіл
Ведомствоаралық өзара іс-әрекет	ЕББҚ бар балаларды және олардың отбасыларын кешенді қолдауды қамтамасыз ету бойынша білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдарының келісілген қызметі
Консультациялық-әдістемелік көмек	педагогтер мен білім беру ұйымдары басшыларының практикалық және әдістемелік мәселелерін шешуге бағытталған кәсіби қолдау нысаны
Әдіскердің кәсіби құзыреттілігі	әдістемелік және басқарушылық функциялардың тиімді орындалуын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылары мен кәсіби ұстанымдардың жиынтығы.

### 3. Бағдарламаның тақырыбы

5. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) Инклюзивті және арнайы білім берудің нормативтік-құқықтық негіздері.

Инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы халықаралық және ұлттық нормативтік-құқықтық актілер. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алу құқығын қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі білім беруді басқару органдарының өкілеттіктері мен функциялары.

2) Педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуді ұйымдастырудың заманауи тәсілдері.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетудің мәні, мақсаттары мен міндеттері. Білім беру

басқармасы және білім беру ұйымы деңгейіндегі әдістемелік сүйемелдеу модельдері. Педагогтер мен көмек көрсететін мамандардың қызметін үйлестірудегі әдіскердің рөлі.

3) Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және арнайы оқыту жағдайларын жасау.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың ұғымы мен құрылымы.

Арнайы оқыту жағдайларын анықтау. ЕББҚ бағалау нәтижелерін педагогтерге әдістемелік көмек көрсетуде және бейімделген білім беру бағдарламаларын әзірлеуде пайдалану.

4) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

ЕББҚ бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру. Пәнаралық және командалық тәсілдер. Педагогтердің, көмек көрсететін мамандардың және ата-аналардың (заңды өкілдердің) өзара іс-әрекеттері.

5) Инклюзивті білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз ету.

Білім беру бағдарламаларына, оқу-әдістемелік материалдарға және бейімделген бағдарламаларға әдістемелік сараптама жасау. ЕББҚ бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және енгізу. Білім беру ұйымдарына консультациялық-әдістемелік қолдау көрсету.

6) Инклюзивті білім беру сапасына мониторинг жасау және бағалау.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту жағдайларына, процестеріне және нәтижелеріне мониторинг жүргізу.

Педагогтерге әдістемелік көмек көрсетудің тиімділігін талдау. Мониторинг нәтижелерін басқарушылық және әдістемелік шешімдерде пайдалану.

7) Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Педагогтердің біліктілігін арттыру формалары мен технологиялары. Тәлімгерлік, коучингтік және консультациялық сүйемелдеу. Инклюзивті білім берудің тиімді практикаларын тарату.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері**

##### **6. Бағдарламаның мақсаты**

Бағдарламаның мақсаты – инклюзивті және арнайы білім берудің сапасын арттыруға, арнайы оқыту жағдайларының іске асырылуын және ЕББҚ бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге бағытталған, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерді әдістемелік қолдау саласындағы білім беру басқармалары әдіскерлерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады.

##### **7. Бағдарламаның міндеттері**

Бағдарламаны іске асыру барысында келесі міндеттерді шешу көзделеді:

1) тыңдаушыларда инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық нормалары мен заңға тәуелді

актілерін практикалық әдістемелік қызметте қолдану дағдыларын қалыптастыру;

2) білім беру ұйымдарындағы педагогтар мен көмекші мамандарды әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және үйлестіру дағдыларын дамыту;

3) білім беру бағдарламаларына, бейімделген білім беру бағдарламаларына және ЕББҚ бар білім алушылардың жеке даму бағдарламаларына әдістемелік сараптама жасау технологияларын меңгеру;

4) білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелерін талдау және оларды әдістемелік және басқарушылық тәжірибеде пайдалану біліктерін қалыптастыру;

5) пәнаралық және командалық тәсілдер негізінде ЕББҚ бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру бойынша құзыреттілігін дамыту;

6) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудың жағдайлары, процестері мен нәтижелерінің сапасына мониторинг жүргізу дағдыларын қалыптастыру;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың педагогтеріне, білім беру ұйымдарының басшыларына және ата-аналарына (заңды өкілдеріне) консультациялық-әдістемелік қолдау көрсету іскерлігін дамыту.

8) педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың заманауи формаларын (тәлімгерлік, коучингтік және консультациялық сүйемелдеу, әдістемелік семинарлар) меңгеру.

## **8. Күтілетін нәтижелер**

Бағдарлама бойынша оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге әдістемелік көмек беруді ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарын қолдануға қабілетті;

2) білім беру ұйымдарында әдістемелік көмек көрсету жүйесін жоспарлауды, ұйымдастыруды және үйлестіруді біледі;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру бағдарламаларына, бейімделген бағдарламаларына және жеке даму бағдарламаларына әдістемелік сараптама жүргізеді;

4) арнайы білім беру жағдайларын анықтау және педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету үшін білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижелерін пайдаланады;

5) пәнаралық өзара іс-әрекет негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру технологияларын меңгерген;

6) инклюзивті білім берудің сапасына мониторинг жүргізеді, әдістемелік және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін оның нәтижелерін талдайды;

7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту және сүйемелдеу мәселелері бойынша педагогтер мен білім беру ұйымдарының басшыларына консультациялық-әдістемелік көмек көрсетеді;

8) білім беру процесінің сапасын арттыруға және педагогикалық кадрлардың кәсіби өсуіне ықпал ететін педагогтерді әдістемелік қолдаудың заманауи формаларын қолданады.

## **5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

9. Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасы «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерді әдістемелік қолдау» модульдік форматта іске асырылады және білім беру басқармалары әдіскерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін кезең-кезеңімен қалыптастыруды қамтамасыз ететін өзара байланысты бес модульді қамтиды.

Бағдарламаның мазмұны педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетудің практикалық міндеттерін шешуге, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеудің заманауи тәсілдерін енгізуге, сондай-ақ тыңдаушылардың аналитикалық, жобалау және сараптамалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

### **10. Нормативтік-құқықтық модуль**

Модуль тыңдаушыларда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге әдістемелік қолдау көрсетуді ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері туралы жүйелі түсінікті қалыптастыруға бағытталған.

Модуль мазмұны:

1) 1-тақырып: Инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты;

2) 2-тақырып: Әдістемелік қызметтердің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер;

3) 3-тақырып: Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандардың құқықтары мен міндеттері;

4) 4-тақырып: Әдістемелік қолдауды ұйымдастыруға білім беруді басқару деңгейінде қойылатын талаптар.

### **11. Психологиялық-педагогикалық модуль**

Модуль әдіскерлердің педагогтердің кәсіби қиындықтарын талдау және ЕБҚ (ерекше білім беру қажеттіліктері) бар балаларға арналған білім беру процесінің сапасын бағалау үшін қажетті психологиялық-педагогикалық білімдерін тереңдетуге бағытталған.

Модуль мазмұнына мыналар кіреді:

5) 5-тақырып: Әртүрлі санаттағы ЕБҚ бар балалардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері;

6) 6-тақырып: ЕБҚ бар балалардың даму ерекшеліктерінің оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыруға әсері;

7) 7-тақырып: ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеу кезіндегі педагогтердің типтік кәсіби қиындықтары;

8) 8-тақырып: Педагогикалық кадрларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудегі әдіскердің рөлі.

### **12. Мазмұндық модуль**

Модуль педагогтерге әдістемелік қолдауды ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Модуль мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды:

9) 9-тақырып: Педагогтердің әдістемелік қолдауға деген қажеттіліктерін талдау;

10) 10-тақырып: Әдістемелік ұсынымдар мен материалдарды әзірлеу, сараптау және енгізу;

11) 11-тақырып: Муниципалдық және өңірлік деңгейлерде әдістемелік сүйемелдеу жүйесін жоспарлау;

12) 12-тақырып: Әдістемелік жұмыстың тиімділігіне мониторинг жасау және бағалау;

13) 13-тақырып: ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеу кезінде туындайтын типтік және күрделі педагогикалық кейстерді талдау және шешу.

### **13. Технологиялық модуль**

Модуль әдістемелік қызметтің заманауи технологиялары мен құралдарын меңгеруге бағытталған.

Модуль мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды:

14) 14-тақырып: Педагогтерді әдістемелік қолдау бағдарламаларын жобалау технологиялары;

15) 15-тақырып: Әдістемелік жұмыста цифрлық білім беру ресурстары мен платформаларын пайдалану;

16) 16-тақырып: Әдістемелік және аналитикалық құжаттамасын жүргізу және ресімдеу;

17) 17-тақырып: Әдіскер қызметінде өзін-өзі талдау және кәсіби рефлексия құралдарын қолдану.

### **14. Вариативті модуль**

Модуль білім беру жүйесінің өзекті міндеттері мен өңірлік практиканың ерекшеліктерін ескере отырып, тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін кеңейту мен тереңдетуді қамтамасыз етеді.

Модуль мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды:

18) 18-тақырып: Педагогтерді әдістемелік қолдаудың заманауи модельдері мен практикалары;

19) 19-тақырып: ЕБҚ бар балаларды сүйемелдеудегі мамандардың пәнаралық өзара іс-әрекеті;

20) 20-тақырып: Педагогтер мен білім беру ұйымдарын консультациялық және коучингтік қолдау;

21) 21-тақырып: Тиімді басқарушылық және әдістемелік тәжірибені талдау және жинақтау;

22) 22-тақырып: Педагогтердің кәсіби дамуының жеке траекторияларын жобалау.

## **6. Оқу процесін ұйымдастыру**

15. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерді әдістемелік қолдау» біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін ұйымдастыру «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **1) Оқытуды ұйымдастыру нысандары**

Тыңдаушыларды оқыту келесі нысандарды қолдану арқылы іске асырылады:

күндізгі оқу нысаны;

күндізгі-сырттай оқу нысаны;

қашықтықтан оқыту нысаны (қажет болған жағдайда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып).

Оқу нысанын таңдау Бағдарламаны іске асыру жағдайларымен және білім беру ұйымының мүмкіндіктерімен анықталады.

### **2) Оқыту сабақтарының формалары**

Оқу процесі сабақтардың келесі түрлерін қамтиды:

дәріс сабақтары;

практикалық сабақтар;

тренингтер мен семинарлар;

практикалық кейстерді талдау;

консультациялар (топтық және жеке);

тыңдаушылардың өздік жұмысы.

Практикалық сабақтар білім беру басқармалары әдіскерлерінің нақты кәсіби міндеттерін шешуге бағытталған және педагогтерді әдістемелік қолдаудың қолданбалы біліктері мен дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

### **3) Оқыту әдістері**

Бағдарламаны іске асыру барысында оқытудың практикаға бағытталған сипатын қамтамасыз ететін заманауи білім беру әдістері қолданылады:

мәселелі-бағдарлы оқыту;

кейс-әдісі;

жобалау әдістері;

жұмыстың интерактивті нысандары;

кәсіби қызметті бағалаудың рефлексивті әдістері.

Қолданылатын әдістер тыңдаушылардың кәсіби тәжірибесін жандандыруға және алған білімдерін практикалық қызметте қолдануға дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

### **4) Тыңдаушылардың өздік жұмысы**

Тыңдаушылардың өздік жұмысы оқу процесінің міндетті бөлігі болып табылады және келесіге бағытталған:

нормативтік және әдістемелік материалдарды зерделеу;

тәжірбиеген бағытталған тапсырмаларды орындау;  
әдістемелік ұсынымдар мен талдау материалдарын әзірлеу;  
қорытынды жұмыстарды дайындау.

Өздік жұмыстың көлемі мен мазмұны Бағдарламаның оқу жоспарымен анықталады.

5) Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асыру:

Бағдарлама модульдері бойынша оқу-әдістемелік материалдармен;  
инклюзивті және арнайы білім беру саласындағы нормативтік-  
құқықтық құжаттармен;  
әдістемелік ұсынымдармен және практикалық кейстермен;  
электрондық білім беру ресурстарымен (қашықтықтан оқыту нысаны  
кезінде) қамтамасыз етіледі.

б) Қорытынды аттестаттау

Тыңдаушыларды қорытынды аттестаттау № 175 бұйрықта көзделген  
нысандарда өткізіледі және келесілерді қамтуы мүмкін:

практикаға бағытталған қорытынды жұмысты қорғау;  
әзірленген әдістемелік өнімнің таныстырылымы;  
тестілеу (қажет болған жағдайда).

Қорытынды аттестаттау Бағдарлама мақсатына қол жеткізу дәрежесін және  
тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бағалауға  
бағытталған.

## **7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету**

16. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерді әдістемелік қолдау» біліктілікті арттыру бағдарламасын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Бағдарлама мазмұнын тиімді меңгеру, тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру және оқытудың практикаға бағытталған сипатын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағытталған.

17. Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері негізінде жүзеге асырылады, оның ішінде: Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» № 175 бұйрығы; Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС); арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілер мен ведомстволық құжаттар.

18. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету келесілерді қамтиды:

- 1) Модульдердің жұмыс бағдарламалары;
- 2) Дәріс материалдары;
- 3) Практикалық сабақтарға арналған әдістемелік ұсынымдар;
- 4) Әдіскерлердің кәсіби міндеттерін шешуге бағытталған кейс-тапсырмалар;
- 5) Бақылау-бағалау материалдары;
- 6) Негізгі ұғымдардың глоссарийі (сөздігі);
- 7) Ұсынылатын әдебиеттер мен электрондық ресурстардың тізімі.

Оқу-әдістемелік материалдар заманауи ғылыми тәсілдерді, заңнама талаптарын және ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету практикасын ескере отырып әзірленеді.

19. Электрондық білім беру ресурстары

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде тыңдаушылардың оқу материалдарына қолжетімділігін және білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-әрекетін қамтамасыз ететін электрондық білім беру ресурстары қолданылады:

- 1) оқу-әдістемелік материалдардың электрондық нұсқалары;
- 2) презентациялық және мультимедиялық материалдар;
- 3) цифрлық білім беру платформалары (қашықтықтан немесе күндізгі-сырттай оқыту нысаны кезінде);
- 4) нормативтік және әдістемелік құжаттардың базалары.

Электрондық ресурстарды пайдалану оқытуды жекешелендіруге және тыңдаушылардың өздік жұмысының мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді.

20. Практикаға бағытталған қамтамасыз ету

Бағдарламаның практикалық бағыттылығын күшейту мақсатында оқу-әдістемелік қамтамасыз ету келесілерді қамтиды:

- 1) білім беру ұйымдарының жергілікті нормативтік актілерінің үлгілері;
- 2) әдістемелік құжаттама үлгілері;
- 3) педагогтерді әдістемелік қолдау алгоритмдері;
- 4) аналитикалық және диагностикалау құралдары;
- 5) білім беру ұйымдарының қызметінен алынған практикалық кейстер.

Бұл материалдар оқу нәтижелерін тыңдаушылардың кәсіби қызметінің практикасына көшіруді қамтамасыз етеді.

21. Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің жаңартылуы

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету келесілерді ескере отырып, жүйелі түрде жаңартылып тұруға тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасындағы өзгерістер;
- 2) инклюзивті білім беру саласындағы жаңа тәсілдер мен технологияларды ендіру;
- 3) білім беру жүйесінің өзекті сұраныстары мен әдістемелік жұмыс практикасы.

## 8. Оқу нәтижелерін бағалау

22. Оқу нәтижелерін бағалау тыңдаушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру деңгейін бақылауға және растауға, оларда ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерді қолдау бойынша әдіскерлердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға, сондай-ақ алған білімі мен дағдыларын практикада қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бағалаудың мақсаттары: бағдарлама тақырыбы бойынша нормативтік-құқықтық, теориялық және әдістемелік білімнің меңгерілуін тексеру; педагогтерді әдістемелік қолдаудың заманауи тәсілдері мен технологияларын практикада қолдану дағдыларын бағалау; ЕБҚ бар балалармен жұмыс істейтін педагогтермен әдістемелік жұмысты ұйымдастыру үшін кәсіби құзыреттіліктердің даму деңгейін анықтау; оқу нәтижелерін талдау негізінде Бағдарламаның мазмұны мен оны іске асыру әдістерін түзету.

Оқу нәтижелерін бақылау үшін келесі нысандар қолданылады:

- 1) ағымдағы (қалыптастырушы) бақылау – бағдарламаның өту барысында жүргізіледі және мыналарды қамтиды: зерделенетін тақырыптар бойынша ауызша және жазбаша сұраулар; практикалық тапсырмалар мен кейстердің орындалуын талдау; қатысушылардың педагогтерді әдістемелік қолдауға дайындығын тексеру; модульдерді меңгеру критерийлері бойынша рефлексивті есептер және өзін-өзі бақылау.
- 2) қорытынды (жиынтық) бақылау – бағдарлама аяқталғаннан кейін жүргізіледі және мыналарды қамтиды: қорытынды тестілеу (жазбаша немесе электрондық-цифрлық нысанда); ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеуді ұйымдастыруда педагогтерді қолдауды модельдейтін практикалық жұмыс / кейс-тапсырма; педагогтерді әдістемелік қолдау бойынша жеке немесе топтық жобаны қорғау.
- 3) Бағалау критерийлері: жауаптың дұрыстығы мен толықтығы – нормативтік-құқықтық базаны және әдістемелік тәсілдерді білу деңгейі бағаланады; шешімнің практикалық қолданысқа ие болуы – білім беру ұйымының нақты жұмысына бейімделген шешімдерді ұсына білу қабілеті бағаланады; аналитикалық және рефлексия дағдыларының деңгейі – педагогикалық практиканы талдау және ұсынымдар бере алу қабілеті бағаланады; өзара іс-қимыл және командалық жұмыс дағдылары – топта тиімді жұмыс істей білу және педагогтерге кеңес беру (консультация беру) шеберлігі бағаланады.

Бағалау 10 балдық шкала бойынша немесе әрбір жұмысқа арналған критерийлерді көрсете отырып, «іске асырылмады – ішінара іске асырылды – толық іске асырылды» шкаласы бойынша жүргізіледі.

- 4) Курсты сәтті аяқтау үшін тыңдаушыға: қорытынды тестілеуде балдардың кемінде 70%-ын жинау; практикалық жұмысты немесе кейс-тапсырманы сәтті қорғау; алған білімі мен дағдыларын әдіскердің кәсіби қызметінде қолдану қабілетін көрсету қажет.

## 9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

23. Бағдарламаны меңгеру барысында тыңдаушылар алған білімі мен дағдыларын бекітуге және практикада қолдануға, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалармен жұмыс істейтін педагогтерді қолдау саласындағы білім беру басқармалары әдіскерлерінің кәсіби қызметіне қолдау көрсетуге бағытталған.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің мақсаттары: әдіскерлердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету; педагогтерді әдістемелік қолдаудың заманауи тәсілдері мен технологияларын енгізуді қолдау; педагогтердің ЕБҚ бар балалармен жұмысын талдауға және түзетуге көмектесу; білім беру ұйымдарының инклюзивті және арнайы білім беру бойынша әдістемелік жұмысының сапасын арттыру.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің нысандары:

1) жеке консультациялар (нақты педагогикалық жағдаяттар мен әдістемелік кейстерді талдау); педагогтермен жұмысты ұйымдастыруды жақсарту бойынша ұсынымдар беру; педагогтерді қолдаудың жеке жоспарларын әзірлеуді сүйемелдеу.

2) топтық консультациялар мен вебинарлар: практикалық кейстерді талқылау және тәжірибе алмасу; педагогтерді әдістемелік қолдау мәселелерін бірлесіп шешу; ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеудің өзекті мәселелері бойынша әдістемелік семинарлар өткізу; әдістемелік және нормативтік-құқықтық таратылымдар: өзекті нормативтік базаны, әдістемелік ұсынымдар мен нұсқаулық материалдарды ұсыну; педагогтермен және ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеудің жаңа тәсілдері мен технологиялары туралы ақпаратты жаңартып отыру.

3) дөңгелек үстелдер мен кәсіби форумдар (педагогтерді қолдау әдістерін енгізу нәтижелерін талқылау; әдіскерлер мен сарапшылар арасында тәжірибе алмасу; білім беру процесінің сапасын арттырудың бірлескен стратегияларын әзірлеу).

## **10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі**

24. Негізгі әдебиеттер. Қосымша әдебиеттер

1. Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі): Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.

4. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы.

5. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 08 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345 Заңы.
6. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» № 293-VI Заңы.
7. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 Заңы.
8. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 56-VII Заңы.
9. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.04.2025 жылғы № 74 бұйрығының редакциясында).
10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 385 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.03.2025 жылғы № 59 бұйрығының редакциясында).
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» № 338 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 жылғы № 98 бұйрығының редакциясында).
12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламаларын бекіту туралы» № 4 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.05.2025 жылғы № 104 бұйрығының редакциясында).
13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» № 338 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 жылғы № 98 бұйрығының редакциясында).
14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары мен бағдарламаларын бекіту туралы» № 4 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.05.2025 жылғы № 104 бұйрығының редакциясында).
15. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және

олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 жылғы № 98 бұйрығының редакциясында).

16 Визель, Т.Г. На языке букв. Письменная речь и ее нарушения. /Т.Г. Визель. – М.: «Линка-Пресс», 2024. – 142 с.

17 Егорова, Е.В. Сопровождение детей с особыми образовательными потребностями педагогом-ассистентом в организациях образования: метод. рекомендации/ Е.В.Егорова, Ж.Б. Аханова, Д.Х. Култаев. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 42 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

18 Егорова, Е.В. Взаимодействие службы психолого-педагогического сопровождения с родителями в условиях развития инклюзивных практик: метод. рекомендации/ Е.В. Егорова, Н.В. Сергеева, Д.Х. Култаев. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2023. – 62 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

19 Елисеева, И.Г. Психолого-педагогическая поддержка школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе (уровневый подход): метод. рекомендации/ И.Г. Елисеева, Ж.Б. Аханова. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2020. – 69 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

20 Елисеева, И.Г. Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ И.Г. Елисеева. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 62 с. [Электронный ресурс <https://www.special-edu.kz/>].

21 Педагогика инклюзивного образования: учебник / Под ред. Н.М. Назаровой. – М.: ИНФРА-М, 2022. –335 с.